



2 наурыз, сенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Үкімет басшысын қабылдады

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады.

Президентке еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы және экономиканың өсімін қамтамасыз ету жоспары туралы баяндалды.

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысына отандық тауар өндірушілерді қолдауды күшейту үшін қабылданып жатқан шаралар жайында мәлімет берді. Қазақстандық өнімдердің үлесін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың, жер қойнауын пайдаланушылар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алу рәсімдерін жетілдіру жұмыстары басталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өнеркәсіптің перспективті салаларын қарқынды түрде дамытуға ерекше назар аударылып жатыр.

Сонымен қатар Президентке Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысы туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

РУХАНИЯТ ЖЫЛЫ

Мәдениет — Сыр келбетіндегі көркемдік



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс айту күнімен құттықтауы

Құрметті отандастар!
Сіздерді Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

Бұл — береке-бірлігімізді бекемдей түсетін мереке. Осы күні еліміздің азаматтары бір-біріне ерекше ілтипат көрсетіп, ризашылығын білдіреді. Сондай-ақ татулық, ынтымақ, достық сынды қас-терлі құндылықтар жан-жақты дәріптеледі. Мұның бәрі ұлтты ұйыстырудың ұтымды жолы екені сөзсіз.

Халқымыздың уақыт сынынан өткен жанашырлық, қамқорлық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттері, әсіресе қиын-қыстау кездерде айқын көрінеді.

Бүгінде мемлекетімізде ауқымды өзгерістер болып, Әділетті Қазақстанды құру жолында нақты қадамдар жасалып жатыр. Осындай сындарлы сәтте елдік мүддені бәрінен биік қойып, ырыс-ынтымағымызды сақтау өте маңызды.

Біз озық ойлы ұлт ретінде көздеген барлық биік мақсаттарға қол жеткізетінімізге кәміл сенемін.

Осы орайда тынымсыз тер төгіп, Қазақстанды көркейтуге өз үлесін қосып жүрген азаматтарға алғыс айтамын.

Баршаңызға бақ-береке және мол игілік тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Алғыс айту күнімен құттықтауы

Соңғы жылдар бедерінде ғана атаулы күндер қатарына қосылған Алғыс айту күнін жұртшылықтың жылы қабылдауында терең мән бар деп ойлаймын. Өйткені сан ғасырдан бері біздің Ұлы далада үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, бауырмалдық, сыйластық сияқты ізгі дәстүрлер орныққан.

Сол дәстүрді ұстанған ата-әжелеріміз қуғын көріп, туған жерінен жыраққа жер аударылған неміс, поляк, корей, шешен, тағы басқа ұлттардың өкілдерін бауырына тартты, қамқорлық көрсетті. Осы ізгі ниетті таныған өзге ұлт өкілдері, олардың ұрпақтары әлі күнге дейін қазақтың кең пейіліне ризашылығын айтып келеді.

Алғыс айту күнінің көктемнің алғашқы күнімен, Қазақстан халқы ассамблеясының құрылған күнімен орайластырылуы да тегін емес. Жалпы ризашылық білдіру жұртшылықты жақындастырады, қоғамдағы түсіністікті қалыптастырады, адамдар арасындағы сыйластық пен татулықты одан әрі нығайта түседі. Сондықтан бұл мереке бүгінде жалпыхалықтық сипат алды, үлкен-кіші бір-біріне алғыс айту арқылы құрмет пен мейірім арнасын кеңейтті.

Бүгінгі мерекеде баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке тілеймін! Қастерлі Отанымыздың іргесі берік, еңсесі биік болғай!

Соңғы жылдары Сыр елінің руханият саласында ерекше елең еткізер жаңалықтарды көп көріп, жиі естіп жүрміз. Өткен жылы Қызылордада «Анаға тағзым», «Отбасы» орталықтарымен бірге қала іргесіндегі «Қарауылтөбе» мен «Талсуатпа» және Жанақорған ауданының «Жайылма», «Өзгент» ауылдарында 150 орындық клуб құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Sp Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Бүгін Қызылорданың келбетіне көрік қосқан тағы бір тамаша мәдениет ошағының ғимараты есік ашпақ. Қала тұрғындары аймақ басшысының бастамасымен өмірге келген көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығының» ашылу салтанатын тамашалайды. Бұл салтанатқа ҚР Мәдениет және ақпарат министрі қатысады деп күтілуде.

Кеңес дәуірінде «мәдениет майданы» деген сөз тіркесі болатын. Шын мәнінде мәдениет барлық саламен сабақтас. Ол көрермен көзінде ғана емес, сахна сыртында да оттан түспейтін қазандай қайнап жатады.

Өткен жылы облыстың мәдениет мекемелерінде 18 мыңнан аса шара өткізіліп, 134 концерт, 361 спектакль қойылған.

Концерттерді көрермен талғамына сай, кәсіби әрі жанды дауыста ұсыну үшін тұңғыш рет симфония оркестрі құрылды.

Өнер әлеміне жаңа есімдерді шығару мақсатында 2 халықаралық, 14 республикалық, 1 аймақтық және 98 облыстық байқау-фестиваль, жыр мүшәйралары, ақындар айтыстары ұйымдастырылған.

2-бет

Oxford Qazaq Dictionary: тіл білімінің олжасы

Жуырда тіл білімінің олжасына айналған Oxford Qazaq Dictionary сөздігі баспадан шықты. Тұңғыш рет жарық көрген еңбекте қазақ және ағылшын тіліне аударылған 60 мыңға жуық сөз қамтылған. Freedom Holding Corp. компаниясының қолдауымен басылып шыққан көлемді еңбектің қазіргі таралымы 10 мың дана. Басым бөлігі отандық ЖОО мен кітап дүкендеріне таратылуда. Қорқыт ата университетіне де апта басында 65 кітап жеткізіліп, тұсаукесер рәсімі өтті.

Sp Еркін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»

Жиынға халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімова қатысып, ғылыми еңбектің мән-маңызына тоқталды. Әсіресе, шараға қатысқан сала мамандары ауқымды сөздіктің артықшылығын айтып, пікір алмасуға мүмкіндік алды.

Бұған дейін білетініміз, Oxford сөздігінің басылымын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы дайындаған. Сондай-ақ сөздік көпшілік назарына ұсынылар алдында А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында арнайы талқылаудан өткен. Жоба жетекшісі Рауан Кенжеханұлы сөздікті Oxford университеті баспасының тәжірибесін зерделей отырып шығарғанын атап өтті. Нақтырақ айтқанда, Oxford English Dictionary сөздігінің лексикалық реестрі, әдістемесі мен технологиясы негізге алынған екен.

6-бет



АГЕНТТІК ТӨРАҒАСЫ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛІЛЕРДІ МӘЛІМДЕДІ

Бейсенбіде Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады. Қабылдауда Президентке аталған қызметтің былтыр атқарған жұмысының нәтижелері жөнінде есеп берілді.

Өткен жылы жемқорлыққа қатысты 1692 қылмыс тіркеліп, 1324 адам әшкереленген. Оның 161-і түрлі деңгейдегі басшылар. 1221 іс сотқа жіберілген. Агенттік төрағасының айтуынша, 2022 жылдан бері мемлекетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 1,02 триллион тенге (2,2 млрд АҚШ долларынан астам) көлемінде мүлтік активтер мен қаражат қайтарылған.

Мемлекет басшысына бірқатар қылмыстық істі тергеу барысы туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, «ӨКМ» операторы» ЖШС-на қатысты аяқталған қылмыстық істер бойынша Қостанай және Қарағанды облыстарындағы жалпы құны шамамен 20 миллиард тенге болатын 2 зауыт мемлекет меншігіне өтсе, ҚСатыбалдыұлына қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары аясында биыл ақпан айында бюджетке тағы да шамамен 82,6 миллиард тенге (185 млн АҚШ доллары) түскен. Мемлекетке қайтарылған Ақмола облысының Қосшы қаласындағы 942 гектар жер учаскесінің құны да аз емес. Оның нарықтық бағасы 13 миллиард теңгеден асады.

Сонымен қатар Президентке мемлекеттік сатып алу порталына мониторинг жүргізу барысында 41,3 миллиард теңге көлеміндегі бюджет қаражатының мақсатсыз жұмсалыуына жол бермегені жайында айтылды. Атап айтқанда, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мамандандырылған ХҚКО-ларда автокөліктерді тіркеу кезіндегі қулық жасау жолдарын анықтады. Мемлекеттік баж салығы мен автомобильдерді тіркеуден түскен төлемдердің басым бөлігі ақпараттық жүйелердің жұмысындағы олқылықтарға байланысты бюджетке түспеген. Агенттіктің ұсыныстары бойынша кемшіліктер жойылғаннан кейін 2023 жылы бюджетке түскен түсімдер (2022 жылмен салыстырғанда) 9 есе ұлғайып, 91,4 миллиард теңгені құрады. Осы ретте екі жылда да тіркелген автокөліктердің саны бірдей болған.

Асхат Жұмағали спортты қаржыландыру саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізіліп жатқанын, тексеру барысында бюджет қаражатының тиімсіз бөлінуіне, соның ішінде сыбайлас жемқорлық сын-кәтерлеріне байланысты әрекеттер анықталғанын айтты. Тек осы жылдың өзінде Агенттік аталған саладағы жымқыру фактілері бойынша 18 қылмыстық істі тіркеген.

Бұдан бөлек, «СК «Фармация» ЖШС қызметін талдау жұмыстары аяқталған. Мұнда да медициналық препараттар мен жабдықтарды сатып алуға қатысты айтарлықтай жемқорлық тәуекелдері анықталды. Әлеуметтік маңызы бар проблемалы объектілердің құрылыс барысын қадағалау нәтижесінде бүкіл ел бойынша 32 ғимарат пен нысан салынды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы аясында сомасы 2 миллиард теңгеден асатын тауарлар мен қызметтердің бағасын көтеру тәуекелдеріне жол берілмеді, 10 мыңға жуық азаматқа тегін құқықтық көмек көрсетілді.

Ұлттық банктің «Цифрлық теңге» жобасы арқылы «ақшаны бою» тетігін енгізу мәселесі пысықталып, қазіргі уақытта Цифрлық теңге пилоттық режимде Алматы қаласындағы мектептердің бірінде іске асырылып жатыр.

Қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде Қазақстан 2023 жылдың қорытындысы бойынша Transparency International (Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі) рейтингінде 8 позицияға көтеріліп, 180 елдің арасында 93-орынға тұрақтады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды және алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған жүйелі жұмыстарды жалғастыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Мәдениет Сыр желбетіндегі көркемдік



Атап айтсақ, композитор К.Дүйсекеев атындағы «Туған жер» I халықаралық әншілер конкурсы, ұлт руханиятының көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, екі мәрте республикалық жыр мұшәйрасы, «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық-өнер фестивалінің алтыншы рет өткізіліп, оған шетелдерден және елімізден 200-ге жуық өнерпаз қатысуы, мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған арнайы «Туран» сыйлығының табысталуы, Астана қаласының 25 жылдығына арналған Қызылорда облысының елордадағы өнеркүндері, мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған «Арман» инклюзивті театры» үйірмесінің іске қосылуы, «Жастар театрының» өз алдына кәсіби ұжым ретінде қайта құрылуы, тағы да басқа игілікті істер.

1-бет

«Ақпан айында өткен облыстық мәслихат Ассессиясында облыс әкімі Н.Нәлібаев: «Халқымыздың жыл басы және жаңару айы – наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жылды «Руханият жылы» деп жариялаймыз» деген болатын.

Мұның бәрінің де әрине, облыс басшысының қолдауымен, оң көзқарасымен жүзеге асып отырғаны анық.

Бұларға қоса мемлекеттік тізімге енгізілген облыс көлеміндегі 561 тарихи-мәдени мұра нысанын

сақтау, реставрациялау, көне қалашық орындарына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу ісі де толастаған емес.

Мәселен, осыдан онжыл бұрын реконструкциядан өткізілген Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіш-кешені бюджеттен тыс көздер арқылы қайта жаңғыртылды.

Биыл мәдениет саласындағы мұндай жұмыстардың мүлде қарқын алатын сынайы бар.

Наурыз айынан бастап ай-мағымыз «Руханият жылының» айшықтарына куә болады.

Ақпан айында өткен облыстық мәслихат сессиясында облыс әкімі Н.Нәлібаев: «Халқымыздың жыл басы және жаңару айы – наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жылды «Руханият жылы» деп жариялаймыз» деген болатын.

Осыған орай өңірде іске асырылатын жаңа игіліктер де атала бастады.

Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мира Қазбекованың айтуынша, Мемлекет басшысының «Адал адам» концепциясы аясында облыс көлеміндегі барлық елді мекендегі клубтар мен мәдениет үйлерінде «Адал адам» рухани-мәдени орталықтары ашылатын болады.

Сонымен бірге облыс әкімінің қолдауымен 7 ауданда типтік үлгідегі «Руханият орталықтары», нақты айтқанда – архив, кітапхана, музей, неке кино залы, ардагерлер кеңесі, аналар кеңесі, жастардың басын біріктіретін орталық салынбақ.

Руханият жылы «Туран» шығармашылық фестивалі, «Сыр ана», «Ақбаян» әншілер конкурсы, күйшілер байқауы, суретшілер симпозиумы сияқты мәдени шаралардың ғана емес, мәдениетті дамыту мен қолдауға көбірек көңіл бөлінетін жыл болмақ.

Бұл хабар – барша халық үшін қуанышты ақпарат. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет туралы сөзінде: «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни, руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн» деген болатын.

Жарқын болашаққа арналған осы сөздің жаңашыл мазмұны бастау алды деп білеміз.

Руханиятымыз рәуішті, мәдениетіміз мәейкті болсын.

Шипажайға жолдама табысталды



Алғыс айту күні қала әкімі Серік Қожаниязов «Су жүйесі» және «Қызылорда тазалығы» мекемелеріне арнайы барып, сала мамандарын құттықтады.

«СБ» ақпарат

Қосымша

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ» ММ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері, бөлме №	Байланыс телефоны
Сейілов Жанмұрат Жақсымұратұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның жұма	16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 1 ғимарат №338 бөлме	8(7242) 40-11-91 (5487)
Айекешов Жігер Оңдасынұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның бейсенбі	16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 1 ғимарат №338 бөлме	8(7242) 40-11-91 (5165)
Еркосаев Жұлдызхан Байназарұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі	16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 1 ғимарат №338 бөлме	8(7242) 40-11-91 (5256)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ БАРЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ САЙЛАУ НАУҚАНДАРЫНА ОРАЙ «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ОБЛЫСТЫҚ «СЫР БОЙЫ» ГАЗЕТІ КАНДИДАТТЫҢ ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛҒА ӨЗ ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫН ҰСЫНАДЫ

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, D2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 22950 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

syroi.kz ақпараттық агенттігіне (сайт) кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – **28000 теңге**, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – **30000 теңге** (1 апта); 400 x 800 px – **25000 теңге** (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10 000 теңге Stories – 5 000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 7000 теңге Telegram: Post (мәтін) – 7 000 теңге

(мәтін + фото/видео) – 10 000 теңге

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады.

Үгіт материалдары демалыс және мереке күндерінен басқа **2024 жылдың 5 наурызында жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ден кейін және 30 наурызда жергілікті уақыт бойынша сағат 00.00-ге дейінгі аралықтағы шығарылымдарында жариялануына байланысты алдын ала тапсырыстар қабылданады.**

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058/, e-mail: smjarna@mail.ru

